



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

I КНИГА

Қостанай, 2022

ЫБЫРАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРҒА РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУ

Әбдіғапар Айгүл Марқабайқызы,
«Ыбырай Алтынсарин атындағы жалпы
білім беретін мектебі» КММ-сінің директоры
бастауыш сынып мұғалімі
Қостанай облысы, Жанкелдин ауданы, Торғай селосы

Аннотация

Өзектілігі және мақсаты. Бұл мақалада Ыбырай Алтынсариннің шығармалары арқылы оқушыларға рухани-адамгершілік тәрбие беру, ұлттық болмысты қалыптастыру, ұлы тұлғаны үлгі ету мәселесі, Ыбырай Алтынсарин шығармашылығы және оның бүгінгі күнмен үндестігі айтылады.

Түйінді сөздер: Ыбырай Алтынсарин, курс, қысқа әңгімелер.

Аннотация

Актуальность и цель. В данной статье рассказывается о духовно-нравственном воспитании школьников через произведения Ибрая Алтынсарина, о формировании национальной идентичности, о проблеме подражания великой личности, о творчестве Ибрая Алтынсарина и его созвучии с сегодняшним днем.

Ключевые слова: Ибрай Алтынсарин, курс, рассказы.

Abstract

Relevance and goal. This article tells about the spiritual and moral education of schoolchildren through the works of Ibray Altynsarin, about the formation of national identity, about the problem of imitation of a great personality, about the work of Ibray Altynsarin and his consonance with today.

Keywords: Ibrai Altynsarin, course, stories.

Бүгінгі таңда ұлы тұлғалардың өнегелі өмірі мен тағылымы мол шығармалары негізінде өскелең ұрпаққа білім, тәрбие бере отырып, білім мен тәрбиені тұлғаға бағыттай білу басты назарда тұрған мәселелердің бірі. Ұлылардың өмірі мен тағылымы арқылы ұрпақ тәрбиелеу – ұлтымызға тән үрдіс. Олай болса, «Кел, балалар, оқылық!» деп, қазақ даласына білім-ғылымның шырағын жаққан Ыбырайдың өсиетін өнегелі түрде кейінгі ұрпаққа үйрету қажет. Ыбырай өнегесі - білімнің де, тәрбиенің де қайнар бұлағы. Ыбырайдың қай шығармасын алмайық, оның негізгі діңгегі – оқу – білімге шақыру, еңбеке тәрбиелеу, жақсыны үйрету.

Ыбырай өнегесін, Ыбырай тағылымын жас ұрпаққа үйрету мақсатында Торғайдағы Ыбырай Алтынсарин өзі ашқан алғашқы қазақ мектебі «Ыбырай Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ-сінде бірнеше жылдан бері «Ыбырайтану» курстары оқытылып келеді. Курстың мақсаты – оқушыларға Ыбырай шығармаларын кеңінен насихаттау, тәрбиелік мәнін ұғындыру.

Ыбырай Алтынсарин балаларға арнап, сөзі жатық, мағынасы қызғылықты ұсақ әңгімелер жазды. Автордың бұл әңгімелерінің балалар үшін, тәрбиелік рөлі ерекше.

Ыбырайдың ағартушылық жолын да, демократиялық көзқарасын да ашып көрсететін өлеңдері мен жырлары бар. Ол бұл шығармаларында ғылым мен техниканы білуді үгіттейді.

«Біз болмасақ, сіз барсыз,

Үміт еткен достарым...» деп, жастарға зор сенім білдіреді.

Сонымен қатар,

«Оқысаңыз, балалар,

Шамнан шырақ жағылар.

Тілегенің алдыңнан.

Іздемей-ақ табылар...» деп жастарды оқуға қызықтырады.

«Сиса көйлек үстінде,

Тоқуменен табылған.

Сауысқанның тамағы,

Шоқуменен табылған...» деп, педагогтік тәсілмен балаға еңбек атаулыдан хабар береді. Еңбек ұғымын қалыптастырады.

«Өнер-білім бар жұрттар,

Тастан сарай салғызған.

Айшылық алыс жерлерден,

Жылдам хабар алғызған...» деп, баланы ғылым мен техниканы игеруге ұмтылдырады.

Оқушыны ғылым мен техникаға ұмтылдыру бүгінгі күннің де өзекті мәселесі болып келеді.

Ыбырай шығармасы күні бүгінге дейін құндылығын жоймай келеді.

Бастауыш сынып оқушыларына қазақ балаларын оқып, білім алуға шақырған үндеуі секілді «Кел, балалар, оқылық», «Өнер білім бар жұрттар» деген өлеңдерін үйрету арқылы оқу-білімнің маңызын түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылады. Мектептегі кез келген оқушы Ыбырайдың бұл өлеңдерін жатқа оқиды.

Ыбырай Алтынсарин балалар үшін мол мұра қалдырды. Ол әр шығарманы жазуда алдына үлкен мақсаттар қояды. «Мен қазақ балаларын ұқыптылыққа, тазалыққа, отырықшыл тұрмыстың артықшылығына үйретудің өзі қазақ даласына мәні бар жұмыс деп білемін» - дейді. Алтынсариннің барлық өлеңдері мен әңгімелерінің мазмұнында негізінен өзі айтқан осы идея баяндалып отырады. Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері 1876-1879-жылдар арасында жазылып, бірінші рет «Қазақ хрестоматиясында» басылып шыққан. Бұл әңгімелердің кейбіреулері орыс жазушылары мен орыс педагогтерінің шығармалары үлгісінде жазылған. Мысалы, «Бір уыс мақта», «Аурудан аяңған күштірек», «Алтын шеттеуік», «Тышқанның өсиеті», «Шеше мен бала», «Бақша ағаштары», «Талаптың пайдасы», «Әке мен бала», «Жаман жолдас», «Қарға мен құрт», «Түлкі мен ешкі» тағы басқалары сол кездегі орыс педагогтерінің шығармалары үлгісінде жазылған. Шағын әңгімелердің тілі жатық, көпшілікке түсінікті жазылған. Бұл шығармаларды оқып-танысқан соң оқушылар шағын қойылымдар әзірлеп, өздерінің осы шағын әңгімеден түйген ойларын қағазға түсіріп, ізденіс жұмыстарын жасайды.

«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде, ең кішкентай жәндіктердің де өмір, тіршілік үшін тыным таппай еңбек етіп жүретінін көрсете келіп, оларды балаларға үлгі етеді. Қарлығаш, өрмекші ғұрлы жоқпысың, сен де еңбек ет, босқа жатпа», - дейді.

«Сәтемір хан» атты әңгімесінде жеті жасында ата-анасынан айрылып жетім қалған Сәтемір деген бала ойнап жүріп бір үйдің түбіне келіп сүйеніп тұрғанда, бір аяғы жоқ ақсақ шегірткенің үйдің төбесіне қарай өрмелеп бара жатқанын көреді. Біресе тамның ортасына келіп, біресе төбесіне жетіп қала бергенде әлгі шегіртке домалап құлап кете береді. Ақыры өз мақсатына жетіп төбеге шығады. Мұны көрген Сәтемір үлкен ойға оралып, өзінің құр жұмыссыз жүргенін ойлап, ойынын тастап қалаға кетеді. Біреудің қолында жалшылықта жүріп оқиды. Сөйтіп бала Сәтемір данышпан оқымыстыға айналады.

«Әке мен бала» әңгімесінде де жалқау баланың күйін сипаттайды. Осындай әңгімелері арқылы балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелейді.

Жазушы «Атымтай жомарт» әңгімесінде де еңбекті дәріптейді. Ешнәрсеге мұқтаждығы жоқ Атымтай еңбектен ұдайы қол үзбейді. Бұл ел аузында ертегі жыр болып кеткен, ежелгі араб жұртының әңгімесі болатын. Ыбырай осы ел аузындағы ертегіні балаларға арнап әңгіме етіп ұсынды. Әңгіменің идеясы да, кейінгілерге үлгі боларлық жағы да Атымтайдың сөзінен айқын көрінеді. Атымтай бір сөзінде: «Күн сайын өз бетімен тапқан пұлға нан сатып жесем, бойыма сол нәр болып тарайды. Еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі өзгеше болады екен» - дейді.

Алтынсариннің тәрбие жөніндегі негізгі тақырыбының бірі – талап. Талап етіп талпынбаса, адам баласы ешбір алға баспаған болар еді. «Талапты ерге нұр жауар», - деген халық мақалы да өмір тәжірибесінен туған пікір. Жастық шақ жігер, қайраттың толы кезі. Бойдағы жасырын талант, өнерлерін жарыққа шығарып қалатын кез де осы. Ол үшін талап керек. Өр нәрсені де жігермен істе, өзіңнің не нәрсеге қабілетің, ыңғайың бар, қолыңнан не келеді, соны жақсы біл, қай өнердің соңына түссең, әрі өзіңе, әрі қоғамға пайда келтіре аласың, талаптан да таңдап ал дейді. Кейде талаптың, жігердің жоқтығынан жақсы өнердің жарыққа шықпай кетуі де мүмкін. Сондықтан өз талабыңмен өрге шық дегенді айтады.

Ыбырай жас ұрпақтарға дұрыс тәрбие беру, оларды жас кезінен дұрыс баулу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. «Баланы дұрыс күт, түзу тәрбиеле, қисығын түзе, адасса айқын жолға сал», - деді. Бұл жөнінде де елге үлгі боларлық әңгімелер жазды. Оның осы тақырыпқа жазған бір әңгімесінде:

«Жаздың бір әдемі күнінде бір кісі өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағашты көріп жүрді. «Мына ағаш неліктен тіп – тік, ана біреуі неліктен қисық біткен?» - деп сұрады баласы. «Ата – ананың тілін алсаң ана ағаштай сен де түзу болып өсерсің. Бағусыз кетсең, сен де мына қисық ағаштай болып бағусыз өсерсің. Мынау ағаш бағусыз өз қалпымен өскен», - деді атасы. «Олай болса бағу – қағуда көп мағына бар екен ғой», - деді баласы. «Бағу – қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым, бұдан сен өзің де ғибрат алсаң болады, сен жас ағашсың, саған да күтім керек. Мен сенің қате жеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы, түзу кісі болып өсерсің. Бағусыз кетсең сен де мына қисық біткен ағаштай қисық өсерсің», - деді.

Бұл әңгіменің оқушылар үшін де, оқытушылар үшін де үлкен тәрбиелік мәні бар. «Баланы жастан», - дегендей, оған жас күннен түзу тәрбие беру, оның болашақ өмірі үшін керек. Есейіп кеткен соң қисығын түзеу қиынға түседі. Кейде сол қисаюмен барып мерт болады. Ыбырайдың бұл әңгімесі қазіргі мектеп балаларын тәрбиелеу үшін де үлгі бола алады.

Бұл келтірілген мысалдардан басқа да Алтынсариннің аударған, өзі жазған қысқа әңгімелері әрі тәрбиелік мәні үлкен, шеберлігі жағынан мүлтіксіз әңгімелері көп және өмір құбылысы, адам өмірінің әралуан жақтарын қамтиды.

Ыбырай Алтынсариннің «Әке мен бала», «Асыл шөп», «Бақша ағаштары», «Аурудан аяңған күштірек», «Мейірімді бала», «Палқан деген ит», «Қанағат», «Өтіріктің залалы», «Төкаппаршылық» секілді әңгімелері жастарды әдептілікке, сабырлыққа, салмақтылыққа және әділ, мейірімді, қайы-

рымды болуға тәрбиелейді. Оның басқа әңгімелерінің де түйіні жастарға өнегелі тәрбие беру екендігін көреміз. Ол өзінің «Сәтемір хан», «Талаптың пайдасы», «Зеректік», «Білгеннің пайдасы», «Әдеп» тағы басқа әңгімелерінде балаларды білім алуға, зерек болуға үгіттеді. Мысалы, «Талаптың пайдасы» деген әңгімесінде, ынтасымен оқудың, зеректіліктің нәтижесінде осы әңгіменің кейіпкері Матвей деген кісі бүкіл Ресейге белгілі суретші болып шығады. Басқа әңгімелерде де автор білімді дәріптеді. Кей әңгімелерінде жастарды еңбек сүйгіш болуға, ұқыптылыққа дағдылануға шақырады. Ыбырайдың «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Бір уыс мақта», «Дүние қалай етсең табылады» шығармалары да оқушыларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеудің жарқын үлгісі. Үй салу, егін кәсібімен шұғылданду, тағы да басқа халқымыздың дәстүрлі шаруашылық мәдениетін ұлттық тұрмыс-салтын жастарға дәріптеу ниетінде Ыбырай Алтынсарин бірнеше әңгімелер жазды. Әсіресе, «Қыпшақ Сейітқұл», «Малды пайдаға жарату», «Киіз үй мен ағаш үй» деген әңгімелерінде, автор қазақ жастарына көшпелі өмірден отырықшылық тұрмысқа көшу, жер кәсібімен шұғылданду заман талабы екендігін сездірсе, «Бай мен жарлы баласы», «Лұқпан хакім», «Малды пайдаға жарату» деген әңгімелерінде автор сол кездегі қазақ жастарын тұрмыс-тіршілікке бейімделуге шақырғандығының нақты көрінісін көреміз.

Ыбырай шығармаларын оқып-үйренген әр бала жақсы мен жаманды айыра алып, еңбектің қадірін, оқу-білімнің бағасын түсіне алады. Ұлы ағартушының шығармаларына тән нәрсе – еңбек-қорлыққа, Отанын сүйге, білімді болуға, шыншыл әділетті болып өсуге баулу.

«Ыбырайтану» курсы жоғары сынып оқушыларын ізденіс жұмыстарына баулиды. Бастауыш сыныптан бастап Ыбырайдың шығармаларымен толық танысқан оқушы жоғары сыныпта Ыбырай өмір сүрген ортаны, оның замандастарын, ағартушылық қызметін зерттейді. Мектептегі «Зерде» ғылыми жоба жұмыстары байқауында бірнеше оқушы «Ыбырай ізбасарлары» бөлімі бойынша Торғайдағы алғашқы қазақ мектебінде дәріс алған 14 оқушының өмір жолын зерттеді. Торғайдағы Ыбырай мектебінің алғашқы қарлығаштарының бірі Бірімжановтар отбасы, олардың ғылымға қосқан орасан зор үлестері жайлы жазылған жұмыс аудандық, облыстық байқауда да жоғары бағаланды.

Жалпы, Ыбырай Алтынсариннің болашақты болжай білген, алысты көре білген, сұңғыла педагог екенін әр оқушы осы курстарды оқып-үйрену барысында зерделей алады. Ыбырай заманында өзекті болған оқыту әдістемесі мәселесі, балаларды техникалық мамандықтарға бейімдеу, мектеп кітапханаларын толықтыру мәселелері әлі де өзекті.

Ыбырай Алтынсарин шығармашылығын оқыту баршаға ортақ мәселе екені даусыз. Ыбырай тану тек халықтың, қоғамның, ғылымның ғана міндеті емес, оны оқып үйрену, өзін рухани жағынан мәдениетті, білімді санайтын әрбір азаматтың парызы әрі оның ұлттық көркемдік түсінігін тәрбиелеу мен өсірудің бірден-бір құралы. Ұлы ағартушының әрбір шығармашылық еңбегінен оқушы өзінің толғандырған ой – тілектеріне жауап табады, нәр алады, эстетикалық талабы мен талғамын есейтеді, өмір мен өнердің үйлесу, үндесу үлгісін тауып, тағылым алады. Ыбырай Алтынсарин ұстаз ретінде барша халықтың көкейінде, жүрегінде сақталады.

Ұлттық тәрбиенің өзегі - адамгершілік тәрбиесі. Адамгершілік тәрбиенің ең негізгі міндеті жас ұрпақтың бойына өзі өмір сүріп отырған қоғамның алдында тұрған мақсат-мүддеге сай адамдық қасиеттерді қалыптастырып, жетілдіре отырып тәрбиелеу болып табылады. Жас ұрпақтың бойына адамгершілікті сіңіретін, оны жүрек тазалығына, бауырмалдыққа, татулыққа, адалдыққа тәрбиелейтін құндылықтарымыздың бірі - Алтынсарин әңгімелері. Олай болса, «Ыбырайтану» курстарын оқыту арқылы балаларға рухани-адамгершілік тәрбие беріп, ұлттық болмысын қалыптастыру мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесі екендігі сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ыбырай Алтынсарин тағылымы. Құрастырған. М.Жармұхамедов. Алматы. Жазушы. 1991

FTAХР 04.01.01

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ФОРМАЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ

Әбілмансұр Әсел Қалдарханқызы,

Абай атындағы

Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Алматы қ., Қазақстан

Аннотация

Бұл мақалада дәстүрлі емес оқыту әдістері оқушылардың білімімен білімділік деңгейінің жақсаруына әкелетіндігі қарастырылады. Шет тілін оқытудың заманауи әдіс- тәсілдерін сипаттау және анықтама беру. Дәстүрлі емес оқыту әдістерін қолдану, сабақта танымдық іс- әрекеттің активтенуіне әкеледі. Білімді байытады, бір жүйеге келтіреді және бекітеді. Ең бастысы алған білімді практикалық жолда қолдануға ықпал етеді. Дәстүрлі емес сабақ технологияларына мәлімет берілді. Инновациялық педагогикалық технологиялары - дәстүрлі емес технологиялар жаңа ақпараттық технологиялардың пайда